

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫНДА ФИТОСАНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 4 сәуір
1994 ж. N 317**

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен шекарасында кедендік бақылау ұйымдастыру жөніндегі шаралары туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 519-бап) 1993 жылғы 10 қарашадағы N 1109 Р931109_ қаулысының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республиканың негізгі көлік магистральдарында және мемлекеттік шекарада 227 штаттық құраммен өсімдік карантині жөніндегі 54 шекара бекеттерін құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған бюджетті анықтау барысында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бойынша операциялық шығындардың құрамына аталған бекеттер мен олардың штаттық құрамын ұстауға бюджеттік қаржы көздейтін болсын.

3. Аумақтарында өсімдік карантині жөніндегі шекара бекеттерін орналастыру белгіленген облыстардың, аудандардың және қалалардың әкімдері шекаралық карантин бекеттерінің қызметкерлерін қызметтік және тұрғын үйлермен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Әділет министрлігімен, бірлесе отырып қолданылып жүрген заңның өсімдік карантині жөніндегі ережені бұза отырып өсімдік негізіндегі тауарлар мен жүктерді тасуға кінәлі заңды ұйымдар мен адамдарға айып санкцияларын белгілеу бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жайында ұсыныс жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі